

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Үшбұрыштарды шешу

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.11.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/63184/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жалгасбаева Жанар Турдимуратовна

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлім

Күні:

Сынып:

Мектеп: Ақтөбе қаласы №31 қазақ орта мектебі

Мұғалімнің аты-жөні: Жалгасбаева Жанар Турдимуратовна

Қатысқандар саны:

Қатыспағандар саны:

Сабақтың тақырыбы

Сабақтың түрі

Осы сабақта қол

жеткізілетін оқу

мақсаттары (оқу

бағдарламасына сілтеме)

Сабақтың мақсаты

9.1.3.6. Үшбұрыштарды шешу

Жаңа материалды меңгеру

Косинустар теоремасын білу және қолдану

Барлық оқушылар:

-үшбұрышты шешуде косинустар теоремасын қолдану;

Басым көпшілігі:

— үшбұрышты шешуде косинустар теоремасын қолдану;

-косинустар теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу;

Кейбір оқушылар :

— үшбұрышты шешуде косинустар теоремасын қолдану;

— косинустар теоремасын тұжырымдау, дәлелдеу;

-есептің шығару жолын таңдау үшін , есептің шартын талдау

Бағалау критерийлері

Дағды

Білу және түсіну

Бағалау критерийлері

косинустар теоремасын анықтайды

Қолдану

Анализ және синтез

Үшбұрыштарды шешуде косинустар теоремасын дәлелдейді . қолданады

Үшбұрыштарды шешуде шығару жолын талдайды.

Тілдік мақсат

Оқушылар косинустар теоремасын ауызша және жазбаша сипаттайды
косинустар теоремасын есептерді шығару барысында қолдануды түсіндіреді.

Тақырыпқа қатысты сөздікқор мен терминдер.

Үшбұрыш, үшбұрыш қабырғалары, үшбұрыштың бұрыштары, қабырғалар арасындағы бұрыш, вектор,
векторларды қосу, векторларды скаляр көбейтудің с.с

Диалогтар мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:

Кез-келген үшбұрыштың бір қабырғасының квадраты, қалған екі қабырғалары

Құндылықтарды дарыту

Жалпыға бірдей еңбек қоғамы топтық жұмыс арқылы, ұлттық бірлік қоғамындағы
бейбітшілік пен келісім құндылықтарын дарыту амандасу бөлімінде, жүзеге асады.

Пәнаралық байланыс

Информатика , сызу

АКТ қолдану дағдылары

Презентация

Бастапқы білім

Сабақтарысы

Сабақтың жоспарланған іс-әрекеті

Ресурстар

рланған кезеңде

рі

Сабақтыңбасы

Ұйымдастыру бөлімі :

2 мин Мұғалім а) Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеп , назарларын сабаққа аудару;
ә) Үй жұмысы дәптерлерін парталас оқушыға беру арқылы , есептің дұрыс жауаптарын мұғалім оқып тұру арқылы тексеремін.
БағалауДөңгелекжетондарменбағаланады.

7 мин	<p>—егересептолығымендұрысболса, толықдөңгелек; — қатесіболсажартылай.</p> <p>Жағымды ахуал қалыптастыру «Жылы лебіз» Орнымыздан тұрып: Басымызды төмен түсіреміз. -көз алдарыңызға нені елестетіндер? -бүгінгі сабақта мен қалай жауап беремін деген ойдасыздар! Басымызды шамалы көтереміз. -бізге қандай тапсырма дайындады деген ойдасыздар! Басымызды жоғары көтереміз. Менде бәрі жақсы! Бүгінгі сабақта өз білімімді жоғары деңгейде көрсете аламын деген үміттесіздер! Сондықтан бүгінгі сабақта бәріңе жетістіктер тілеймін. Сабақтың тақырыбын анықтау үшін: II. Өткен тақырыпты қайталау бөлімінде: «Миға шабуыл» әдісі. Оқушыларды «вектор», «векторларды қосу», «вектордың скаляр көбейтіндісі», «коллинеар векторлар» жазуы бар кеспе қағаздар бойынша топтарға бөлемін де топтардың атына сәйкес топтарға сұрақтар жазылған тапсырма беріледі. Сұрақтар: 1.Вектор дегеніміз қандай фигура? 2.Векторларды қосу ережесі қалай жазылып., орындалады? 3. Векторлардың скаляр көбейтіндісінің формуласы? 4.Векторлардың түрлері? Бұл сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылар бүгінгі жаңа тақырыпқа қажетті материалдарды қайталайды, сұрақтарды уақытқа бере отырып, нәтижелеріне қарай саралаймын. Бұл саралаудың диалог және қолдау көрсету тәсілі бойынша Бағалауы (Ауызша мадақтау сөздері) «Керемет» — егер оқушылардың жауаптары толық нақты мысалдармен көрсетілсе; «Жақсы» — анықтамалары айтылып , қасиеттері толық болмаса; «Нақтылық керек » егер тек анықтамасы ғана айтылса. Білімді жаңғырту «Фишбоун» әдісімен. Барлық топқа бір есеп ұсынылады«Ойлы болсаң озып көр!» (шапшаңдыққа). Есеп 1. $AB + BC = ?$ ($AB + BC = AC$) 2. Қосындыдағы AB векторы неге тең?($AB = AC - BC$) 3. $AB * AB$ = мәнін табыңдар . ($AB * AB = AC - BC$) ($AC - BC = BC^2 + AC^2 - 2 AC * BC \cos C$)) Көбейтіндіні қай топ бірінші болады , сол топ тақтаға жазады. Ол $AB^2 = BC^2 + AC^2 - 2 AC * BC \cos C$ * түрде болуы тиіс. Бұл формула — косинустар теоремасы— деп мұғалім таныстыра отырып, теореманың оқылуын оқушылар өздері қорытып шығаратындай жағдай жасайды (яғни, сұраққа — жауап алу арқылы бағыттап , қолдау көрсету). Мұғалім, осы теңдік арқылы кез - келген үшбұрыштың екі қабырғасы мен арасындағы бұрышы анықталынған болса , оның белгісіз үшінші қабырғасын және бұрышты табуға болатынын түсіндіре кетемін. Дискриптор :</p>	Үлестірме қағазбен
Сабақтың ортасы	<p>-векторларды қосуды орындайды; — белгісізді табады — көбейтуді орындап , көбейтіндінің мәнін өрнектейді. Саралау : Топпен жұмыс барысында қарым-қатынас формалары бойынша және диалог негізінде саралаймын. Бағалау: Дескриптор арқылы оқушылар бағаланады Жаңа материалды меңгеру 1тапсырма:Жұптық жұмыс. «Ойлан, жұптас ,бөліс» 3 деңгейлі есетер беріледі. 1 тапсырма.Үшбұрыштың a, b қабырғалары және арасындағы β бұрышы берілген. Бұрышқа қарсы орналасқан белгісіз үшінші қабырғасын табыңыз. 1. $a = 3 \text{ м}; b = 5 \text{ м}; \beta = 30^\circ$; $c = ?$ 2. $a = 2 \text{ см}; b = 3 \text{ см}; \beta = 60^\circ$; $c = ?$ 3. $a = 4 \text{ м}; b = 5 \text{ м}; \beta = 45^\circ$; $c = ?$ 4. $a = 3 \text{ см}; b = 4 \text{ см}; \beta = 90^\circ$; $c = ?$</p>	Үлестірме қағазбен
22 мин	<p>Дискриптор: — есепті шешуде формуланы анықтайды; — белгісізді табады. 2 тапсырма.(В деңгейі.) ABCD параллелограмм қабырғалары 5см және 8 см, сүйір бұрышы 60°— қа тең. Сүйір бұрышқа қарсы жатқан бұрышты табыңдар. Дискриптор: — есептің шартын құрады; — сызбасын салады; — есепті шешуде формуланы анықтайды; -, белгісізді табады. 3 тапсырма. С деңгейі. №285 1). ABC үшбұрышының AB, BC, AC қабырғалары берілген . $AB = 10 \text{ см}$, $BC = 7 \text{ см}$, $AB = 9 \text{ см}$ Үшбұрыштың А, В, С бұрыштарын есепте. Дискриптор: — есептің шартын құрады; — сызбасын салады; — есепті шешуде формуланы анықтайды; — белгісізді табады. Саралау: Деңгейлік тапсырмаларды қарқынмен және тапсырма тәсілі бойынша. Бағалау : бірін -бірі бағалау — егер берілген тапсырма толық дискрипорға сәйкес (дөңглек толығымен) — Тапсырма толық емес және тапсырманы орындау барысында формула дұрыс таңдалмаса.</p>	Оқулық пен жұмыс №285 .1), 70 бет Оқулық, С.Шәкілікова Геометрия. 9 сыныпқа арналған

7 мин

Жеке жұмыс Қалыптастырушы бағалау . «Өзіңді тексер»

Ойлау деңгей дағдысы:білу,түсіну , қолдану.

Бағалау критерийі: теореманы қолданып, бұрышты табады

Есеп: **Қабырғалары 7, 11 12 болып келген үшбұрыштың кіші бұрышының косинусын табыңыз.**

Дискриптор :-

— сызбасын салады;

— есепті шешуде формуланы дәйектейді, шешеді.

Саралау: мақсат бойынша , оқудың дербестігі мен жауапкершілігі бойынша.

Кері байланыс: «Иә» , «жоқ»

№	Тұжырым	иә	жоқ	қосымша
1.	Үшбұрыштың екі қабырғасы мен арасындағы бұрышы берілсе, белгісіз қабырғасын таба аламын.			
2.	Үшбұрыштың үш қабырғаларының ұзындықтары берілсе, олардың бұрыштарының косинусын анықтай аламын.			

Сабақтың соңы

Қорытынды.

Кері байланыс «Блоб» ағашы

Оқушылар сабақ барысында оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін

«Блоб ағашындағы» адамдардан өзін тауып белгілейді.

-жоғарыдан көрініуіңе қандай жағдайлар кедергі болды деп ойлайсыз?

-Қай тапсырма қиындық туғызды?

2 мин

Үйге тапсырма №270, №267 аяқтау

Саралау - оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?

Саралаудың “диалог және қолдау көрсету” тәсілі мен «Фишбоун» әдісін,Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай деңгейлік тапсырмаларды «қарқын» және «тапсырма» тәсілі.Мақсатқа жеткізу мен оқудың дербестігіне байланысты » Өзіңді тексер» әдісін қолданамын.

Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?Оқушыларды мадақтау арқылы жетелеп, ынталандырып, қателаскен оқушыларға қолдау көрсету арқылы бағалаймын. Бағалау есептердің дискрипторларына негізделген.

Кері байланыс: «Иә» , «жоқ»
Оқушылар бір-бірін бағалайды. Мұғалім сыныпты аралап жүріп, ауызша комментарийлер береді.

Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Тапсырмалар оңайдан күрделіге қарай сараланып беріледі.

Оқушылар сабақ бойы іс-әрекет түрлерін өзгертіп отырады.